



«Амангелді ауданының Құрметті азаматы» атанды

**Сан жыл түрлі салада
еңбек етіп, бүгінде
зейнеткерлікке шыққан
ақсақал, қаламыздың
тұрғыны Хамит ДОСЖАН
атамыз мәртебелі атқа
иे болды.**

Отыз жылға жуық сан салада қызмет жасап, өніріміздің дамуына үлес қосқан азамат Хамит Кәмәлиұлы Амангелді аудандық мәслихатының шешімімен батыр атындағы ауданының құрметті азаматы атанды. «Амангелді ауданының әлеуметтік және экономикалық нығаюына қосқан зор үлесі үшін, оку – ағарту саласының майталманы, «Қазақ ССР қасіптік – техникалық білім беру ісінің үздігі» медалінің иегері, Хамит Кәмәлиұлы Досжанга «Амангелді

ауданының Құрметті азаматы атағы берілсін» делінген мәслихат шешімінде.

Хамит Кәмәлиұлы Амангелді ауданына қарасты «Коммунизм жолы» совхозында порторг, аудан орталығындағы Селолық қасіптік техникалық училищенің директоры, Амангелді аудандық білім бөлімінің басшысы, Шөптікөл совхозының директоры қызметтерін атқарған. Бүгінде зейнет демалысында. 2016 жылы «Арқалық қаласының құрметті азаматы» атанған. Қоғамдық шараларға атсалысып, үрпақ тәрбиесі, елге адал қызмет ету, адамгершілік, адалдық сынды құндылықтарды дәріптеген материалдары газет беттерінде жиі жарық көріп тұрады. Хамит атамызды мәртебелі марапатымен құттықтаймыз. Деніңіз сау болсын, әрқашан аман жүріңіз!